

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 маусымдағы N 644 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 28 маусымдағы
N 644 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.05 № 1465 Қаулысымен.

2. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.06.2017 № 367 қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.06.23 N 632 Қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 10 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1272 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 48, 610-құжат):

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 10 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі комиссияның құрамына Балиева Зағипа Яхияқызы - Қазақстан Республикасының Әділет министрі енгізілсін;

көрсетілген комиссияның құрамынан Жұмабеков Оңалсын Исламұлы шығарылсын.

5. "Мемлекеттік органдардың функцияларын зерделеу және бақылау-қадағалау функцияларын қысқарту бойынша ұсынымдар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 8 қыркүйектегі N 254-ө өкіміне :

мемлекеттік органдардың функцияларын зерделеу және бақылау-қадағалау функцияларын қысқарту бойынша ұсынымдар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына Балиева Зағипа Яхияқызы - Қазақстан Республикасының Әділет министрі жетекшінің орынбасары болып енгізілсін;

көрсетілген жұмыс тобының құрамынан Жұмабеков Оңалсын Исламұлы шығарылсын.

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 287-ө өкіміне :

көрсетілген өкімге 2-қосымшада:

Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының әкімшілік реформасын іске асыру мәселелері бойынша заңнамалық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс тобының құрамына Балиева Зағипа Яхияқызы - Қазақстан Республикасының Әділет министрі жетекші болып енгізілсін;

көрсетілген жұмыс тобының құрамынан Жұмабеков Оңалсын Исламұлы шығарылсын.

7. "Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру және алға жылжыту жөніндегі ақпараттық-насихаттау топтарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 26 наурыздағы N 68-ө өкіміне :

көрсетілген өкімге 1-қосымшада:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауын Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өңірлерде түсіндіру жөніндегі ақпараттық-насихаттау топтарының құрамына Балиева Зағипа Яхияқызы - Қазақстан Республикасының Әділет министрі жетекші болып енгізілсін;

көрсетілген топтың құрамынан Жұмабеков Оңалсын Исламұлы шығарылсын;

көрсетілген өкімге 2-қосымшада:

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру жөніндегі ақпараттық-насихаттық топтардың жол жүру кестесінде, Оңтүстік Қазақстан облысы:

реттік нөмірі 7-жолдың "Т.А.Ә" бағанында "О.И.Жұмабеков" деген сөздер "З.Я.Балиева" деген сөздермен ауыстырылсын.